

Қостанай ауданының Тобыл қаласындағы № 102 ұңғыма учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 448 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 қарашада № 4316 болып тіркелді. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 128 қаулысымен. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 01.04.2020 № 128 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай ауданының Тобыл қаласындағы № 102 ұңғыма учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 01.04.2020 № 128 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша

департаменті" мемлекеттік мекемесі

басшысының міндетін атқарушы

_____ С. Байменова

"Қазақстан Республикасы Қоршаған

ортаны қорғау министрлігі Су

ресурстары комитетінің Су ресурстарын

пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі

Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы"

республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Г. Оспанбекова

Әкімдіктің
2013 жылғы 16 қазандағы
№ 448 қаулысына қосымша

Қостанай ауданының Тобыл қаласындағы № 102 ұңғыма учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары

Ескерту. Қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 01.04.2020 № 128 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
№ 102 ұңғыма	Радиусі – 30 метр	0,283 гектар	Ұзындығы – 347 метр Барынша ені – 33 метр	1 гектар	Ұзындығы – 978 метр Барынша ені – 590 метр	53,6 гектар

Ескерту: алынып тастады - Қостанай облысы әкімдігінің 01.04.2020 № 128 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).